

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Қараша айында жүргізілген іс-шаралардың есебі

1.15. Қазыбек би 335 жыл

Тіліміздің күндылығы мен байлығын көрсетіп, ғасырлар бойы жаңғырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жаткан Қаз дауысты қазыбек бидің шешендік сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Биыл Қазыбек бидің туғанына 335 жыл толуына орай мектебімізде сынып сағаттары өтіліп, мектеп мұражайына, кітапхансына саяхат жасадық. Окушыларға Қазыбек би Келдібекұлының өмірі мен шешендігі, оның халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, әділ қазы, қоғам қайраткері болғандығы жайында мағлұмат беру, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастырып, шешендік өнерді менгерту

Нәтижесінде Оқушылар Қазыбек бидің өмірі мен шешендігі, оның халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, әділ қазы, қоғам қайраткері болғандығы жайында ақпарат алады, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастырады



1 желтоқсан СПИД пен күрес күніне орай өткізілген іс-шаралар

Жоспар бойынша мектебімізде сынып сағаттары мен кездесулер өтіп, оқушыларға ақпарат берілді.


Максаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырган қатерлі СПИД дертінің алдын - алу, оның жұғу жолдарын одан сактана, қоргана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу.

ЖИТС-тің жұғу көздері және жұғу жолдары.


Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімінің мәліметі бойынша АИВ жүқтырғандар саны 2000 жылдан кейін 40-50 миллионға жетуі ықтимал.

Инфекция көзі. Вирус жүккән адам – вирус тасымалдаушылар, ЖИТС-пен ауырған адамдар инфекция жүқтыру көзі болып табылады. Ешкандай ауру белгілері байқалмайтындықтан, әсіресе, вирус тасымалдаушылар өте қауіпті.

Вирус көп мөлшерде қанда, спермада, қынап кілегейінде, емшек сүтінде болады. Көз жасында, жұлын сұйығында, сілекейде өте аз мөлшерде болуы мүмкін.



Мектеп медбикесі Альмагамбетова Г.А жогары сыныптың окушыларымен кездесіп, ауру белгілері мен тарапу жолдары, себептері туралы ақпарат беріп, таныстырылым көрсетіп, видеолармен бөлісті.



ЖҚТБ-мен ауырган адаммен құшактасқанда, амандасып қол алысқанда, ернінен, мандайынан етеп сүйгенде жүқпайды. Маса ауру таратады еken деген де сыйыс бар, бұл жай нәрсе. Вирус адамның зақымдалған теріс арқылы ішкі денеге өте алмайды. Моншада, бассейнде шомылғанда ортақ ыдысты пайдаланғанда қауіпті емес. Бұл аурудың алғашқы белгісі - шаршағыштық, әлсіздік, терлеғіштік және тамақ астындағы, қолтықтағы бездердін ісінуі болып табылады. Сондай-ақ сырқаттың енбекке деген қабілет кемиді, тамаққа тәбеті шаппайды, салмағын жоғалтады, яғни жүден кетеді. Дене қызуы көтеріліп, ол үзак уақыт бойы төмен түспейді. Ауыздағы сілеке қабығына актандак түседі.

Денсаулық-басты байлығымыз еkenін ұмытпайық!

3.5 Диалог алаңы. «Қауіпсіз мінез-құлық, өзімізден бастайың»

«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» сабакының мазмұны оку бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оку бөлімдері өрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде реттілікпен құрылған оку мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға окудың келесі кезеңдері туралы акпарат беруге мүмкіндік береді.

| № | Бөлім | Белімше |
|---|---------------------|--------------------------------------|
| 1 | Жеке бас гигиенасы | 1.1 Адамның дene құрылышы |
| | | 1.2 Дене тазалығы |
| | | 1.3 Күн тәртібі |
| | | 1.4 Шынығу |
| 2 | Дұрыс тамактану | 2.1 Дұрыс тамактану ережесі |
| | | 2.2 Дәрумендердің пайдалы қасиеттері |
| 3 | Қауіпсіздік ережесі | 3.1 Үйдегі қауіпсіздік |
| | | 3.2 Қошедегі қауіпсіздік |
| | | 3.3 Табигат аясындағы қауіпсіздік |
| | | 3.4 Мектептегі қауіпсіздік |

Әдістемелік нұсқауда ұзакмерзімді жоспар – құнтізбелік-такырыптық жоспар мен қыскамерзімді жоспар берілген. Қыскамерзімді жоспарда «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ұйымдастырылған оку қызметі берілген.


«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» оку курсы балаларға валеологияны денсаулық жайлы ғылым ретінде таныстырады.

«Жеке бас гигиенасы» бөлімі, «Адамның дene құрылышы», «Дене тазалығы», «Күн тәртібі», «Шынығу» бөлімшелерінен тұрады және әрқайсысында накты оку мақсаты анықталған. Оку мақсатына сәйкес «Адамның дene құрылышы» болімшесінде балалар:

- Адамның дene құрылышымен танысады.
- Организмнің негізгі қызметі жайлы біледі: жүрек, ми, көру, есту, тыныс алу, ас корыту мүшелері.
- Қаңқа, бұлшық ет ұғымдарымен танысып, адам денсаулығы үшін дene бітімінің маңыздылығын біледі.
- Дене бітімін сактаудың негізгі ережелерін колдануды үрленеді.

«Дұрыс тамактану» бөлімі «Дұрыс тамактану ережесі», «Дәрумендердің пайдалы қасиеттері» сиякты бөлімшелерден тұрады. Оку мақсатына сәйкес «Дұрыс тамактану» бөлімінде балалар:

- Тамактану өмір сүрудін негізі, денсаулықты анықтайтын негізгі фактор және адамның ұзак өмір сүруі мен жұмыска қабілеттілігін білдіретінін түсінеді.
- Дұрыс тамактану ережелерін және оны колдануды біледі.
- Тамактану мәдениетін және тамактану мәдениетін ұстанудың маңыздылығын түсінеді.
- Пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажыратады. – Дәрумендердің пайдасын түсінеді.



3.7 Педагогикалық кеңестердің жауапкершілігін аныктап, мәселелерді енгізу «оқушылар арасында жаракаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу, ескертү бойынша деген шынықтыру, АӘД, химия, физика, технология мұғалімдерінің жұмысы туралы»

Жаракат (закым) деп баланың ағзасына тіндердің анатомиялық тұтастығын бұзатын және олардағы физиологиялық үдерістерді бұзатын сыртқы ортаның қандай да бір факторының кеңеттен әсер ету нәтижесі деп аталады. Осылан ұқсас жағдайларда әр түрлі жастағы балалар арасында қайталанатын закымданулар балалар жаракаттануы ұғымына кіреді. Закымданудың пайда болу себептері мен жағдайларына байланысты балалар жаракаттануының келесі түрлері ажыратылады:

тұрмыстық,

көше – көлік және көліктік емес,

мектеп (үзіліс кезінде, деген шынықтыру, химия, физика, АӘД, еңбек сабактарында т.б.),

спортық (ұйымдастырылған оқуларда және ұйымдаспаған бос уақыттарда),

Дене шынықтыру сабактары кезінде болатын жазатайым оқиғалар ерекше назар аударуды талап етеді, өйткені бұл жаракаттардың туындаудың «сақтандырудың» жеткіліксіз үйімі, әсіресе снарядтарда және секіру кезінде үлкен рөл атқарады. Дене шынықтыру сабактары мен мектептерде жаракат алудың алдын алу үшін балаларды құлау ережелеріне үйрету, гимнастикалық жаттыгулар кезінде «сақтандыруды» ұйымдастыру. Сонымен қатар лабораториялық сабактарда қауіпсіздік шараларын орасан зор қадалау керек. Зертханалық жұмыстар істеген кезде улы заттардан аулақ болу. Еңбек сабактарында құрал-сайманды пайдану ережесін сактау керек.

Әр сабакта нұсқаулықты дұрыс сақтап, мұғалімнің рұқсатынсыз өз бетімен әрекет жасамау. Қауіпсіздік бойынша пед кеңесте талқыланды.



4.3 «Халықаралық темекіден бас тарту күні». Бойынша мектеп медбикесі , сынып жетекшілер осы тақырыпта дәрістер оқып, дөңгелек үстелдер ұйымдастырыды. Осы тақырып туралы ой-пікірімізді ортага салды. Алдымен тақырып жайында бейнефильмдер көрді.

Темекі шегу біздің тұрмысымызға ғана кіріп қойған жок, мәдениетімізге де кірді. Бір кезде ой-өрісі дамыған, мәдениетті адамға шылым шегу тіпті жараспаған. Ал кісі өліміне аппаратын жаман әдет бізге қайдан келді? Осындай сұрақтарға сынып сағаттарынада, дөңгелек үстелдерде медбике, биалогия пәндерінің мұғалімі жауап берді.

Биология пәнінің мұғалімі Дүйсенбаева Л.Б Темекі алқа тұқымдастар класына жатады. Бұл тұқымдастың 66 түрі бар, Қазақстанда 3 түрі өседі. Ол бір жылдық шөп, гүлдері түтікше тәріздес, наsectомдар арқылы және өздігінен тозанданады. Жапырақтары кезектесіп өседі. Өсімдікте басқада улы алколоидтар бар. Темекінің жабайы түрі өсетін жерлерде оның жапырағын жеген малдар уланып, қырылып қалады. Мәдени және дәрілік өсімдік ретінде тараған темекі қазір 120 елде өсіріледі. Одан жылына 12,6 млрд сигарет экспортқа шығарылады. Темекі көшет арқылы өседі. Жапырақтары қолмен жиналып, бауланып көтіріледі. Ал Қазақстанда жылына 9 мың тонна темекі өсіріледі. Аздал кебе бастағанда жапырақтары сарғайып, өзіне тән иіс шығара бастайды. Темекі жапырағынан лимон қышқылы, РР витаминін жасап, ауыл шаруашылығы зиянкестеріне қарсы қолданады.

Мектеп медбикесі оқушылармен сұрақ-жауап алмасты

1. Никотин кімнің есімімен байланысты қойылған және қасиеттерін атап шық? – Францияның Португалиядығы елшісі Жан Никонның есіміне байланысты, сары сұйық зат, суда, майда жақсы ериді.
2. Колумбың екінші саяхатынан соң табақ дәні бірінші қай елге келді? Испания
3. Темекіден туындастын аурулар? – қолқа демікпесі, өкпе, жүрек, бауыр, т.б. аурулар.
4. Тарихта темекі тартушыларға қандай жазалар қолданылған?
5. Темекі түтінінде кездесетін улы заттар? Никотин, Көмір қышқыл газы, көміртек тотығы, Аммиак, Шайырлы заттар, Органикалық қышқылдар және басқалары.

Дәрігер: Темекі түтініндегі құрамды бөліктер қанға сіңеді, екі-үш минуттан соң ми клеткаларына жетеді де, уақытша белсенделілігін арттырады. Бұдан шылымқор өзін уақытша жақсы сезініп, тынышталғандай болады. Біраз уақыттан кейін оның жағдайы қайтадан қалпына түсіп, тағы жақсы күйді аңсайды, сөйтіп тағы темекіге қол созады. Осылайша никотин зат алмасу үдерісіне орналасып, адам темекі тартпаса бір нәрсе жетпегендей болып тұрады. Бір жыл ішінде ол адам көнігі шылымқор болады. Аяқ астынан темекіні тастаған адамның басы ауырып, енсесі түсіп, жүйкесі ауырады, ашуашаң күй кешеді.

Тәрбие болімі анализ жасап отті.: Дүние жүзіндегі ер адамдардың 60%, әйелдердің 20% темекі шегушілер. Темекіні үзбей тартқан ер адамдардың 16,9% темекіні 8-9 жастан бастап тартқандар. Жасөспірімдердің 27% жолдастарының әсерімен, 40% қызықта, 17% үлкендердің қолдауымен темекі шегеді. Жасөспірім шылымкорлардың 85% әке-шешелері темекі шегетіндер. Темекі шегуші қыздарға келсек: олардың көбі басқалардың назарын өздеріне аудару үшін, сәнді көріну үшін, ешкімге тәуелсіз еместігін, өзіне-өзі сенімді екенін көрсету үшін шегеді екен. Бұрындары темекі шегуші әйелдер өте аз кездессе, қазір 16-17 жастағы қанша жігіт темекі шексе, сонша қыз темекі шегеді. Қазақ «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деп айтады. Темекі шегетін балалардың 80% бұл әдеттен арыла алмайды. Ал екі сигарет тартқан жасөспірімдердің 70% тұрақты шылымкорға айналады екен. Қазақстанда шылым шегу салдарынан бір күнде 70 адам қайтыс болады. Олардың жас мөлшері 35-69 аралығында.

: Зерттеулер бойынша шылымкорлардың 65% темекі тартуды тастағысы келгенімен, олардың 80% өздігінен қоя алмайды екен. Жастардың 20% ұзақ темекі шегушіліктің зардабын біле бермейді. Біз бір көшедегі тұрғындардан кішкене социологиялық сауалнама жүргізгенімізде: темекі тартатын әйел адам жоқ, 9 ер адам темекі тартады екен. Ең кішісінің жасы 23. Темекінің 25 жыл тартқан кісі бар. Барлығы темекінің зияны туралы біледі, бірақ «Темекі шегуді неге тоқтатпайсыз?» деген сұраққа «Шаршаганымды басады, күш беретін сиякты, шекпесем өзімді жайсыз сезінем» деп жауап берді.



5, 7, 9 сынып оқушыларының диагностикасы әр түрлі жастағы балалардың салауатты өмір салтына деген білімі мен қатынасын анықтау.

«Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаса керек. Бірінші байлық-денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын шынайы сезініп, түсінбейтін секілдіміз. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан- жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап етіп қойған.

Қазіргі кезде салауатты өмір салтын сактау туралы көп айтылуда. Тіпті Елбасымыздың Жолдауында да салауаттылықты мемлекеттік деңгейде қолға алу керектігі көрсетілген. Бұл жолдау келешек егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сурлеу десе болады. Десе де осы салауатты өмір салты дегенді әркім әрқалай түсінеді. Салауатты өмір салты дегеніміз- денсаулықты нығайту мен сактау, ағзаның дұрыс дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық ережелерді орындау. Ол үшін деңсаулықта жағымсыз әрекеттерден (нашақорлық, шылым шегу, ішімдік ішу, улы заттарға әуес болу) аулақ болу. Салауатты өмір салтын сактау сонысымен бағалы. Коне замандардағы ғұламалардың бірі Аристотель: «Жанды дene қозғалмаса өледі» - деген екен. Міне, сол тұжырымдама біз үшін салауатты өмір сүрудің негізгі ілімі болуға тиіс. Салауатты өмір салтын ұстануда спорттың рөлі зор. Денсаулыққа тек дene шынықтыру арқылы қол жеткізілуге болады. Дене козғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады. Денсаулық – адамға табиғаттың берген ең ұлы құндылығы. Адам денсаулығын қалыптастыру және нығайту – медицинаның ғана емес, сонымен бірге барлық оқыту мен тәрбиелеу, білім беру жүйелерінің негізгі мақсаты мен міндепті. Себебі, шәкірт денсаулығының жағдайы оның оку үлгеріміне, мінез-құлқына, қарым – қатынастарына тікелей әсер етеді. Осы орайда мектептегі алғашқы сабактың 4-5 минуты гимнастика жаттығуынан басталса, ерте түріп таза ауада жүгіріп және арнайы жаттығулар жасалса. Түрлі спорттық ойындар мен секцияларға қатысады да артықтығы болmas еді. Сөйтіп, жан дүниемізді байытып шынықтырап едік.

Дене шынықтыру сабактарында 5,7,9 сыныптардан салауатты өмір салтына деген қатынасын анықтау мақсатында жаттығу тесттерін алды. Нәтижесінде әр сыныптан 5-7 оқушы нормага сай тапсырған, қалған оқушылармен нормага жету мақсатында күнделікті дайындық жүргізілетін ескертілді.



6.1 Отбасындағы баланың қауіпсіздігі туралы директор жаңындағы кеңесте баяндама оқылып, ата-аналарға жадынама таратылып, ата-аналар жиналыстары откізілді. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, енбеккор, білімді азаматты тәрбиелуе. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмак. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға кою керек. Құн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны есken сайын жол апартары да арта түседе. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінасінен болатын оқыс оқиғалар саны едәүір көп. Оның ішіндегі жас балалардың апатқа жиі ұшырайтыны: жастай өмірмен қоштасып, орны толмас өкінішке әкелетіні немесе ауыр жаракат алып, кейбірі өмірлік мүгедек болып қалуы мүмкін. Оның себептері: көптеген окушылар жолда жүру ережесін сақтай білмеуінде. Олар көбіне ереже талабын бұзып, асығыстық жасап, жүгіріп өтуге ұмтылады. Асыға жолға жүгіріп шыққан баланың қауіпке ұшырайтыны, өзіне ғана емес, өзгендік де өміріне қатер төндіретіні баршаңызға мәлім. Осылай оқиғаларды болдырmas үшін мектепте мұғалім, үйде ата-ана балаға үнемі жолда жүру ережесін ескертіп отыруы міндетті. Әдетте кез келген ата-ана балаларды мектепке шығарып саларда «жолдан жүгіріп өтуші болма, машина қағып кетеді» деген ескертуден аса алмайды. Бұл - әрине, жеткіліксіз. Бастауыш сыйып окушысы үшін үйден мектепке дейінгі жол қыындықтарын білуі тиіс. Сол үшін ата-анасы баласына жол-женекей кездесетін қыындықтарға, жол белгілеріне көніл бөліп, үреткені дұрыс. Жол көлікпен қатынасатын окушыга ата-анасы жол қыындыстарынан өтуді, көлік толық тоқтаганда түсіп, мінүіне болатынын, өз аялдамасын дұрыс білуін, бөтен көлікке отырмауын ескеріп отырганы жөн. Бастауыш сыйып окушыларының құнделігінің алғашқы беттері, яғни баланың аты-жөні, мектебі, сыйныбы, мекен-жайы, үй телефоны, әке-шешесінің ұлты телефондары, мектеп телефоны толық жазылып, баланың фотосы жапсырылуы тиіс. «Менің мектепке бараЯ жолым» кестесі анық сыйылып, қандай көшелерден, қандай қыындыстан, қай үйлердің арасынан жүретіні қызыл бағытпен сыйылып көрсетілуі тиіс. Бастауыш сыйып окушыларының әсіресе 1-2 сыйып окушыларының мектепке әкешелері міндетті түрде өздері әкеліп-әкетуі керек.

Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:

- Таныс емес, бөтен адаммен сойлеспе;
- Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;
- Бөтен адаммен сойлеспе, машинасына отырма
- Сені артыңан куса, көп адамдар арасына жүгір.

Жалпы ата-ана баласының қайда және кіммен ойнап жүргенін білуі керек. Мектепке кешікпей баруын, үйге уақытысында келуін қадағалағаны азбал.

Баланың жаракат алуы көбінесе мектеп пен үй арасында болады. Көшеде ұзақ ойнап жүріп қалған бала міндетті түрде киын жағдайға тап болуы мүмкін (балалармен ойнап жүріп ерекіспін, төбелесіп қалуы, бір-бірінін заттарын тартып алуы, бөтен бұзакы балалардың көзіне түсіү және олардың ақша талап өтүі, дүкеннен жарылғыш заттарды сатып алып ойнауы, т.с.с.). Ата-ана балаға артық акша бермеуі керек. Шұлға заттар мен газды балондар алып жүрмейін қадағалауы қажет.

Көбінесе ата-ана жұмыста болып, бала үйде жалғыз қалатын кездер болады. Балаға техника қауіпсіздік ережелерін және мынаны ескертіп отыруы керек: үйде жалғыз қалғанда электр жүйесіне жакындауа, газ плитасына тиіспеу, терезені ашпау, бөтен кісіге есік ашпау, т.с.с. Ата-анасының әрбір ескертуін ұмытпай, ереже талабын бұлжытпай орындаған балалардың әр түрлі сәтсіздіктен аулақ болатыны шындық.

Құрметті ата-ана, балаларыңызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. **Егеменді еліміздің болашағы – балалар**. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немікүрайлы қарамайык.



6.8 Балаларға қатысты қатыгездіктің алдын алу мақсатында ата – аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуды ұйымдастыру бойыниша жұмыс

Қараша айында мектеп әкімшілігі ана-аналарға кеңес ретінде дәріс берді. Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты-баланың, жеке ерекшелігін, психикалық процестрін ескере отырып, жарасымды жетілген үрпакты тәрбileу. Аталған нысанана жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді

-Отбасында баланың өсіп жетілінуіне, денсаулығына қамкорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптастыру.

-Еңбек сүйгіштікке, өндекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстагы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлышынысын арттыру өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету.

-Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісін, бірін-бірі тыңдал, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйладап, күрмет тұтуға үйрету.

-Окудың, білім алушының, мәдени мінез-құлыштың әдеп-дағдыларын қалыптастыру.

-Отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау.

-Өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

-Баланың ақылына, құшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауға дайын болуға үйрету.

Бакылау, тексеру, бағалау.

-Тәртіптілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т.б. баулу.

-Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу.

Адам баласы-өмір бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Әсіресе, оның нәрестелік, сәбілік, балалық шақтарында, тіпті ауадай қажеттілік деп айтсада болады. Бірақ, біз өмір сүрген бұрынғы қоғамда, адамның психикасын тәрбиелеуге еш уақытта мән берілген емес. Соның салдарынан балабақшаларда да, мектептерде де, тіпті жоғары оқу орындарымен адамның қызмет істейтін орындарында да, адамның психологиялық тәліміне қоңіл аударылмады. Мұндай надандылықтың адамдарға тарттыратын азабыда аз емес. Осындағы қалыс тәрбиенің ауыр кемшіліктерін ескере отырып, азды-көпті психологиялық көмектің қасиеттеріне тоқталуды жөн көрдік.

Психологиялық көмектің бағыттары.

Бала атаулының бойында біртінде қалыптастын невроздың негізгі себепкөрі, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімі де сорақы лыққа толы қатыгездіктерінен екенін ашып айтқымыз келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қызын да қызық сэттерін іздең үйренудің орнына, тек жазалау, корқытып-үркітумен ұстаганда білетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартысына енді келген сәбілер үшін, бұл аттап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарады. Айта берсе үлкендер тарарапынан болатын дөкерде дөрекі қылыштар толып жатыр.

6.10 Олжабай батыр ауылынц жалпы орта білім беретін мектебінде окушылар мее бірге халықаралық балалар сенім телефоны күні өтті.

Окушылар өздерінің ойларын ашық айта білді. Сұрақтарын қойып, керекті мәліметтерді алды.

Биыл Дүниежүзілік балалар күні әлемнің барлық елдерінде ерекше атап өтіледі. Осы күні бүкіл дүние жүзіндегі балалар мен жасөспірімдер өздері, өз мүдделері мен қажеттіліктері туралы ашық айтады. Бұл күннің маңыздылығы қандай? Елімізде осы күнге орай қандай шаралар өтуде? КР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл жаңынан ашылған Балалар мен жастарға арналған «111» ұлттық сенім телефонының басшысы Үсекақ Қашқынбайұлы осы және өзге де сұрақтарға жауап берді. «Елімізде осы күнге орай көптеген шаралар бастау алды. Қазіргі танда бала құқықтары жөніндегі ЮНИСЕФ Балалар қоры мен халықаралық балалар қорының бастамасымен конференция үйімдастырылуда. Бұгін Астана қаласының Окушылар сарайында балалар мен жастардың шығармашылық фестивалі өтіп жатыр. Бұл шараларға жақын және алыс шет елдерден қонақтар, халықаралық сарапшылар келді. Осы шара аясында балалардың қатысуымен 13 тақырыптық диалог аландары құрылған болатын. Мысалы, «Бала және заң», «Бала және білім беру», «Бала және денсаулық сақтау».

Қорытынды.

1. -Күніне жоғарыда аталған телефон номеріне 300 қонырау соғылады екен, яғни 300 балаға көмек көрсетіледі. Біздің сиынпта осымен хабардар етілді. Енді осы «сенім» телефон номерін жазып, жаттап, басқаларға да насихаттауымыз керек!
2. **Рефлексия.** Окушылар сиынп сағатынан алған әсерін кері байланыс түрі ретінде түрлі түсті стикер-«алмаларға» әсерлерін жазады: қызыл түстіге- қызықтырғаны, жасыл түстіге – әсері шамалы болғаны туралы пікірін жазып білдіреді.
3. Күнделікке сенім телефон номерін жазғызу.

